

Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
2024-2025 оқу жылына колледж талапкерлеріне арналған
ІРІКТЕУ ТУРДА қойылатын критерийлер мен талаптар

мамандық: **«02110300 ГРАФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ДИЗАЙН»**

біліктілігі: 4S02110304 - графикалық дизайнер,

мамандық: **«02120100 ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ»** біліктілігі: 4S02120103 - интерьер дизайнері,

мамандық: **«02120200 КИІМ ДИЗАЙНЫ»** біліктілігі: 4S02120203 - киім дизайнері.

Алдын ала шығармашылық іріктеу туры

Іріктеу турға әр-түрлі жанрда орындалған 15-20 жұмыстан кем емес А3 форматында орындалған көркемсурет шығармалары қабылданады: сурет 5-7 жұмыс, кескіндеме 5-7 жұмыс, үйлестіру 5-7 жұмыс. Ұсынылған жұмыстар негізінде негізгі шығармашылық емтихандарға жіберу шешімі қабылданады. Жұмыстар осы критерийлер тақырыпқа және деңгейге сәйкес келуі керек.

Сурет критерийлері:

- осы тақырыпқа сәйкес болуы керек «Геометриялық фигуралармен натюрморт», «Екі немесе одан да көп заттардан құралған натюрморт», «Гипс розеткасымен натюрморт», «Гипс розеткасы»;
- параққа заттарды дұрыс орналастыру (композициялық орналасуы), заттардың пропорцияларын сақтау;
- формаларды түс-реңкті өңдеу, жұмысты қорытындылау және аяқтау;
- графикалық материалдар техникасын қолдану (қарапайым қарындаш, жұмсақ материал).

Кескіндеме критерийлері:

- «Екі немесе одан да көп заттардан құралған натюрморт» тақырыбына жұмыстың сәйкес келуі;
- параққа заттарды дұрыс орналастыру (композициялық орналасуы), заттардың пропорцияларын сақтау;
- формалардың түс-реңкті өңдеу, жұмысты қорытындылау және аяқтау;
- кез-келген кескіндеме техникасын қолдану (акварель, гуашь, акрил).

Үйлестіру критерийлері:

«Интерьер дизайны»

- оқиғаға негізделген, динамикалық композициялар;
- жұмыстағы идеялық композициялық шешім;
- түстер гаммасы негізгі колористикалық принциптерді ескере отырып, ұстамды және теңгерімді болуы керек.

«Графикалық дизайн»

- оқиғаға негізделген, динамикалық композициялар;
- жұмыстағы идеялық композициялық шешім;
- түстер гаммасы негізгі колористикалық принциптерді ескере отырып, ұстамды және теңгерімді болуы керек.

«Киім дизайны»

- оқиғаға негізделген, динамикалық композициялар
- жұмыста тұлғаның ерекшелігі мен пластикасын, сыртқы түрін жеткізе білу
- түстер гаммасы негізгі колористикалық принциптерді ескере отырып, ұстамды және теңгерімді болуы керек.

Педагогикалық кеңесте қаралды және талқыланды, 2024 жыл 09 сәуірдегі № 4 хаттама.

Егер үміткер іріктеу турынан өткен болса, онда тиісті құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырады және қабылдау емтихандарына қатыса алады.

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА мектеп-интернатын бітірген талапкерлерге ескерту:

- іріктеу комиссиясына жалпыға бірдей талапқа сәйкес таңдаған біліктілікке үйлестіру пәнінен жұмыстарын ұсынуы тиіс.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР: - кесте бойынша,
- онлайн консультация (видеосабактар) сайтта **«Талапкер»** бөлімінде;